

## **«5B021016-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «Қытайдың қазіргі заман БАҚ тілі» пәнінің емтихан бағдарламасы**

**Өткізу түрі:** дәстүрлі-жазбаша

**Платформа:** UNIVER АЖ

**Формат:** онлайн

**Емтихан бағдарламасының мазмұны:**

**Теориялық бөлігі:**

**Қытайдың қазіргі заман БАҚ тілі бойынша** әр түрлі ақпаратпен жұмыс істеу үшін аналитикалық ойлау дағдыларын дамыту әрі қалыптастыру

**Тапсырма:**

1. Қазіргі заманғы қытайдың БАҚ-тың түпнұсқа мәтіндердің жанрлық әртүрлілігін талдау.
2. Медиа тексттерінің лингво-форматтық белгілерін аналитикалық бағалауды қалыптастыру.
3. Қазіргі заманғы қытай БАҚ дағы түрлі мәтін түрлерін сипаттау.

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Кәсіби және әлеуметтік қатынастардың коммуникативті-сөйлеу тәжірибесінде журналистік стильге тән тілдік құралдарды қолдана отырып, қытай тілінің стандартты және экспрессивті бірліктерін (оның ішінде нұсқалық, стилистикалық белгіленген сөз формалары мен грамматикалық құрылымдарды) күнделікті және кәсіби қарым-қатынаста ауызша және жазбаша түрде қолдану.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. 新闻汉语。北京语言大学出版社。2017 年
2. 新编高级报刊阅读。北京语言大学出版社。2018 年
3. 发展汉语。北京语言大学出版社。2015 年
4. 常用汉语部首。华语教学出版社。2017 年

### **ЕМТИХАНДЫ ТАПСЫРУ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ НҮСҚАУЛАР ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ**

МАҢЫЗДЫ - Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын - ала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

**Студенттің міндеттері:**

1. Компьютер құрылғысына (моноблок, ноутбук, планшет) интернеттің қосылғанын тексеру. Құрылғының емтихан уақытында қуатталып тұруын қамтамасыз ету.
2. Кез келген браузер арқылы Univer.kaznu.kz веб - порталын ашу, ең дұрысы Google Chrome арқылы ашу.
3. Өзінің тіркеулік жазбасы арқылы авторизация жасау. Өзінің логині мен құпия сөзін ұмытып қалған жағдайда, емтихан басталғанға дейін куратор - әдвайзеріне хабарласу.
4. Бакалавр парақшасына өту. Содан соң «Емтихан кестесі» қызметіне активация жасау.
5. Уақыты жеткен емтихандарға «Жазбаша емтихан тапсыру» командасы шығып тұрады (қызыл түспен белгіленеді). Бұл студенттің сілтеме бойынша өтіп, емтихан сұрақтарына жауап бере алады дегенді білдіреді.

**Жазбаша емтихан тапсыру функциясы:**

Студент өзінің емтихан қарау парақшасынан «Емтиханды бастау» функциясын қолдануы керек. Жазбаша емтихан тапсыру функциясы емтихан уақыты басталғанда ғана

жұмыс істейді. Жазбаша емтихан тапсыру функциясы емтихан тапсыру уақытында қол жетімді. Жазбаша емтихан тапсыру функциясы белгіленген уақытта жабылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Univer жүйесіне студент файлдар іле алмайды. Ол жауаптарды компьютер пернетақтасы арқылы онлайн режимде енгізуі керек.

6. Жазбаша емтиханды тапсыру сілтемесіне өткеннен кейін, жазбаша емтихан ұшығы ашылып, студент емтихан билетінің сұрақтарын көре алады. Емтихан уақыты екі сағатқа созылады.